

**О**ңтүстіктері Аңысай кен өндірісінде істеп жүрген 42 адамның 19-ы ату жа- засына кесілген. Атылған әлті 19 құрбанның бірі Сарысу ауданы, Калинин атындағы №6 ауылдың тұмасы Жәкенов Сұлтан болатын. Келешектен үміті зор жас кеңшінің №0431 мұрағат- тық анықтамасына сүйенсек, жары Жәкенова (Сейілханова) Балайым 1914 жылы Созак ауданына туған, Алматы- дағы коммунистік жоғары оқу орнының түлегі. Ал 1927 жылы дүниеге келген бауыры Жәкенов Қыпшақпайдың да Аңысайда ағасымен бірге тұрып, окунын жақтастырып жатканы жазылыпты.

«Өлім – ойран, өмір – майдан» демекші, еңбек майданында erte танышып, жастығына қарамай, кеншілер қалашығының мандайалды қызметкердерінің бірі атанған Жәкенов Сұлтаннын жары Сейілханова Балайымның да бақытты балалық шақты кешпегеніне күмән жоқ. Екі жасында аяулы аласы о дүниеге аттанып, әкесі бөтен әйелмен бас құрап кетеді. Тағдырдың тезіне тым erte түсken булдіршін аласы мен атасының қолында өсіп жетіліпті. Мұнан әрі тәптіштей түссек, Созақтың Қызылқөліндегі қызы ғұмырын өткізген Балайымның білім булағынан қана сусындауға мүмкіндігі болмаған сынайлы. Тек 4 жылдық ликбезді бітіріп, сауатын ашады. Желкілдей өсіп, жаңа білімге енді үмтывламын деген тұста қазақ даласын алапат аштық жайлап, оку түрмәк жан бағудың өзі мұн болып калады.

Бейғам бұқараны баудай түсірген сол ашаршылық жылдары Шолаққорғанға бір еврей дәрігерді жер аударыпты. Қынадай қырылған халыққа қарлығаштың қанатымен су сепкендей болып, білген ем-домын көрсеткен білікті дәрігерге қаршадай қыз Балайым да барынша қолқанат болып, аштықтан бұратылып, ажал аузында жатқандар мен жарты түйір дән таптай жантәсілім еткендерді жинап, жерлеуге көмектеседі. Арада уштөрт жыл өткен соң жас мамандармен бірге аскак арманы жетелеп Аңысай шахтасына жұмысқа аттанады. Қауырт тірлікten бір сәт қолы босағанда қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады.

Туа біткен таланты шахтадағы шағын мәдениет үйінде Бейімбет Майліннің «Шұғаның белгісі» пьесасы бойынша қойылған спектакльде бас кейіпкердің бейнесін де барынша шынайы сомдаш шығады. Ол тұста өнерде қызы баласының қатары сирек болғасын әйел образында да көбінше ер адамдар ойнай береді екен. Әдебиетке құштар, басқа пьесалардың да біразын жатка соғатын Балайымның бағы сол кезде жанса керек.

Осындай шуакты шақтардың бірінде шахтадағы өрт қаүіпсіздігі мекемесінің басшысы Жәкенов Сұлтанғазымен танысып, көп ұзамай түрмис құрады. Бұл дәурен ұзаққа созылмапты. 1937 жылдың күзіне таяған тұста «Аңысай руднігіне диверсия дайындаған» Жәкенов Сұлтанның басына да қара бұлт үйіріледі. Облыстық комитет хатшысы В. Темірбаев 1989 жылы 10 қазандың қол қойған қаулыға сүйенеек, Жәкенов Сұлтан «халық жауы» болғаны әрі үлтшылдық ұйымға мүшелікке өткені үшін партияның Түркістан аудандық комитетінің 1937 жылғы 9 қыркүйектегі шешімімен партиядан куылып, күғын көреді. Оңтүстік Қазақстан облыстық соты тек 1956 жылы 31 тамызда ғана оның актығына айтақ болып, КОКП-ға мүшелігін қалпына келтіреді.

Жалпы 1908 жылды тұған Жәкенов Сұлтан тұтқындалғанға дейін «Ачполиметалл» комбинаты өрт сөндіру командасының басшысы қызметін

# **АЗАПТЫ ФҰМЫРДЫН АШЫ АКИКАТЫ**

Жаңа Қазақстанның жаңа тарихы, кеңестік кезең ақиқаты жазылып та жатыр. Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау, жөніндегі мемлекеттік комиссияның мойнына артылған басты міндет те сол болар. Расында репрессияның дүлей дауылы өніріміздің зиялды қауымын да қогадай жапырып, сексеуілдей сиретіп тының, қашшама отбасын орны толмас қасіретке үшіннеді. Азаптау абақтыларындағы айтуға ауыз бармайтын сүмдыштар ез алдына, саяси тұтқындар лагерьлеріндегі жағдайлар да жаң түршігерлік еді.



атқарған. Ал «Кызыл террор» қырығыларының құрығына ілінген соң 1937 жылы 7 желтоқсанда көп үзамай жазасы да жария етіліп, 58-баппен 10 жылға бас бостандығынан айрылады. Анығы сол, облыс прокуроры В.

Шведюк жолдаған басқа бір күжатқа қарасақ, ол ОКО ҰКК үштігінің үкімімен Атысай руднігіндегі бой тасалаған басқа да төңкеріске қарсы үттішіл-диверсияшыл қоғам жауларымен бірге әшкере болыш, бәрі де 14 желтоксанда ату жазасына кесіліп кеткен.

Одан бөлек партия мүшелерін тіркеу қағазында оның төңкеріске дейін Караганды көмір кенішінде қара жұмыс істеп, 1934 жылы Түркіменстан Республикасының Красноводск қаласында кеніштегі қауіпсіздік ережелері бойынша 3 жылдық кешкі курсты бітіргені, 1935 жылы Ресейдін Сверловск облысындағы Төменгі Тагиль қаласында бір жылдық біліктілікті арттыру курсында оқығандығы көрсетіліпті. Жәкенов жазалы болып жатқанда Балайым Алматыда білімін жетілдіріп жүрген. «Ашысайға аттап баспа. Сұлтанның сонынан кетесің» деген қауесетке сенбей, талай бақытты сәттеріне күэ болған кенішке келгенімен, милиция «халық жауынын үйі» деп мәрлеп кет-

«халық жауының үйі» деп мөрлөп көткен баспа насына маңайлай алмайды. Таныстары түгел теріс айналып, достары дұрыс қабак танытпағасын, «баяурының жарын далалаға тастамас» деп Сұлтанның туған қарындасы Жібектің үйін пана лайды. Жұрт аузында сөз жата ма, көп өтпей-ақ қара көлікке мінген қара ниеттілер алыш кетуге келіпті. Ерте ме, кеш пе бул қасиеттің қайта айналып соғарын анық сезген Балайым «келдіңдер ме, әйтеуір» деп әлекедей жаланған жендеттердің жетегінде кете барады. Содан сотқа дейінгі сарсан, тубі жоқ тергеу бір толастамайды. «Контра күйеуіннің диверсия дайындағанын рас-

тап қол қойсан, бұл  
азаптың берінен де  
күтүласын» деген  
қыспакқа көнбейі,  
акыр сонында  
10 жылға сот-  
талады. Үкім-  
ді НКВД  
үштігі 1937  
жылдың 20  
желтоқсанында

Шығарған.

Балайым Сейілханова жа-  
засын өтеуге жіберілген абақты 3500  
шакырым жердегі Вологда облысы  
Шексна өзенінің сағасында екен.  
Бастапқыда біраз аралықты отарбамен  
артқа тастаған тұтқындар негізінен  
этапқа дейінгі ұзақ жолды арып-ашып,  
жадап-жудеп жаяу жүріп өтілті. Тұған  
жерден тым жыраққа алғы бара жатқан  
ұшы-қырысyz жолда журуге әл-дәр-  
мендері қалмай, азғана аялдаған тұста  
түпсіз ойға батқан Балайым жол бой-  
ындағы электр бағаналарындағы сым-  
дардын зарлы зынылын інгенін іздеғен  
ботанын даусына ұксатып, алыстағы  
ауылы есіне түсіп, ағыл-тегіл жылайды.  
Ымырт үйірле бере этапты күзеткен  
жасауыл оларды айдаладағы күштей бір  
шіркеуге әкеліп қамап тастайды. «Үш  
күннен соң тозаққа да бой үретесін»  
деген рас-аяу, аяқ қозғар жер таппай-  
иін тірескен тұтқын әйелдер тағдыры-  
дын бул мазағына да мойынсұнып, тан-  
сібірлеп атқанша бір-біріне сүйеніп  
үйкітап шығыпты. Сейітіп, калың ор-  
ман арасындағы түрмеге қажып-тальп  
ағен жетелі.

Сұығы сүйекті сырқырататын казар-  
маға «халық жауаларының» жарларын  
қаны бұзылған қылмыскерлермен  
әдейі қатар жатқызыпты. Бұл қапас-  
та Балайымның тергеушіден көрген  
теперіші аздай, қылмыскерлерден де  
қиянат тартқан ерімдей жас қыз өкпек  
желі өңменіңнен өтетін орыс орманын-  
да айлап, жылдан ағаш кеседі. Сол тұста  
Сейілханова небәрі 23 жаста еді. Кеү-  
десін мұн торласа да, келешектен үмітті  
жас ауыр жұмыстан белі бүгілгенімен,  
күндігіне қос норманы қатар орын-  
дап, екі паёк алады екен. Біреуін өзіне  
жұмсал, біреуін маңайда жүрген аши

балаларға тығып таратуды әдетке айналдырады. «Ақылыңнан алжассан шығарсың сен қыз! Өкімет сені өлімге айдады. Ал сен болсаң, сүйегің саудырап тұрса да екі адамның жұмысын жасайсың» деп жағы талмай жазғырғандарға, ауыз толтырып ақыл айтқандарға пысқырып та қарамай, қара жұмысқа жегілे туследі. Ақыры өтеусіз бейнет өз дегенін істеп, қақаған қыста қатты ауырып қалады. Бұл сұрапыл соғыс басталған тұс болса керек. Дәрі-дәрмек түгілі дәке де жок. Бар білгендері, буын-буынын сұық шалған Балайымды шыршаның бұтағы салынған жылы суға салып, қайта тесегіне жатқыза берілті. Жаны қатты киналып, түрменің татымсыз быламығын жұтуға да шамасы келмей, беті бері қарамауға айналғанда Ленинградтан «халық жауы» болып келіп, көресінің бәрін көрген Мария Козловская деген егде жастағы инженер әйел: «... Валюшка (сол жердегілер қойған есім болса керек), сен әлі уылжыған жассың. Қайтсең де мына тозактан құтылуға тиіссің. Өлім таяу, бірақ сен өмірді сүй! Әлі-ақ қайта тұрмыс құрып, балалы да боласың, бәрі де ұмытылады», — деп дем берген еken. Осылайша жат жерде он жылын өткізп, жаза мәрзімі біткен соң өз өніріне аяқ басқан Сейілханова Балайым 1957 жылдың 17 шілдесінде Оңтүстік Қазақстан облыстық соты президиумының шешімімен басыбутін акталып, бұрынғы жұмыс атқарған Ашысайға қайта оралады.

1948 жылы Бердібаев Рахманкулға тұрмысқа шықкан Балайым Ашысай комбинатындағы жұмысында алдыңғы қатардан көрініп, 1954 жылы түсті металлдар министрлігіне қарайтын, асхана директорларының дайындастын курска окуға жіберіледі. Окуын ойдағыдай бітіріп, асхана директоры болып талай жыл талмай енбек етеді. 92 жас жасап, 2005 жылдың 23 желтоқсанында қайтқан ананың артында бір үл, бір қыз қалды. Берікмұрат деген баласы жастай шетініп кетсе, ұлы Жанмұрат пен келіні Махаббаттан төрт немере, үш шөбере көрді.

Тұрмеде адамды тұқыртудың неше түрлі жиіркенішті тәсілін көріп, төбе шашы талай мәрте тік тұрган кейуана балаларын бетінен қақпай, беталды ақыл айтпай, еркін өсіріпті. Өзі басқаратын асхананың листралары мен дуалдарын айнадай етіп жуғызып, еңбекке де ерте баулыпты. Адамды сыйлауды өмірлік қағида етуге үндепті. Бірақ қасіретті жылдар салған жүректегі жара жазыла коймаса керек.

Балайым Сейілханова – бар нәубеттің бастаң кешіп, бейбіт заманда көңілі жайланып көз жұмған тоталитарлық жүйенің тұтқындары, тар кезеңдің құрбандары еді. Азаттық айдынындағы елдің бүгінгі басты меже-міндегі сталиндік аласапыранда арманда кеткен Алаштың ұл-қызының тағдырына қатысты мұрағат күжаттарын тарихын тануға ұмтылған жасампаз жүртка тегіс жария ету, рухани мол мұрасын үзданды үрпакқа аманаттау болуы тиіс.

**Асан ҮСІПОВ, Ғалым ҚАСЫМХАН,  
М. Эуэзов атындағы ОҚУ,  
Жоғары оку орнына дейінгі дайындық  
орталығының аға оқытушылары,**

**Балқия ДӘУЛЕТБАЕВА,**  
*окытушы*